

«6D021300-Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ерсултанова Гаухардың «Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға (қазіргі қазақ баспасөз материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациясына

ПКІР

Тәуелсіз қазақ қоғамының қазіргі демократиялы дамуында сөз бостандығына кеңінен жол ашылғаны публицистикалық дискурстан айқын анғарылады. Бірақ публицистикалық дискурстың негізгі тетігі - мерзімді және электронды **БАҚ** тілінде де еркіндік екпіні сөз стиліне едәуір әсер етіп жатқаны да байқалады. Әдетте газет, теледидар, радио - әдеби тілдің үлгісін насиҳаттаушы, яғни әдеби тілде қазақ орфоэпиясы мен орфографиялық нормасын сақтап, сауатты жазудың басты көрсеткіші болатын. Ал қазіргі публицистикалық стильдің, публицистикалық дискурстың мұддесі қандай деген сұраққа лингвистикалық зерттеу жүргізу өздігінен сұранып тұрған өзекті мәселелердің біріне айналды. Сондықтан зерттеуші Ерсултанова Гаухарға өзінің қызығушылығына орай, қазақ публицистика әлеміндегі тілдік тұлғалардың мұраларын, тілдік жүйеге, қазақ дискурсына қосқан жетістіктерін, тұлғалық тілдік қолданыстарын, публицистикалық стильге алып келген жаңашыл әдістерін зерттеу тапсырылды.

Зерттеуші диссертациялық жұмысының мақсаты ретінде жеке тілдік тұлға мен жиынтық тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурстарын вербалды-семантикалық, лингвокогнитивтік, прагматикалық әдістермен талдауды көздеді. Зерттеу нысанына тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлттық публицистикалық дискурстың тілдік тұлғалары ретінде Бекен Қайратұлы, Бауыржан Омаров, Нұртөре Жұсіп шығармашылығы алынды. Ізденуші ең алдымен тілдік тұлға типтерін анықтай отырып (филологиялық тұлға, феномен тұлға, т.б.) соның ішіндегі публицистикалық тілдік тұлға болудың критерийлері мен қағидаттарын айқындағы. Институционалды дискурстың бір тармағы ретінде публицистикалық дискурстың ерекшелігін көрсететін басты белгілері мен занылыштарын қарастырды, Диссертант өз тарапынан ғылыми талдаулар мен ұсыныстар берді.

Зерттеу жұмысы тілдік тұлғаларды қарастыруға арналғандықтан, тіл мен адам танымын сабактастыра зерттейтін бағыт - лингвокогнитивтік талдаулар жүргізілді. Ерсултанова Гаухар публицистикалық дискурс аясында анықталатын концептілерді атап көрсетті және оларды таңдап алуының алғышарттарын, себептерін дәйекті деректермен айқындағы. Диссертациялық жұмыста «Тұлға», «Қазақ», «Қоғам» концептілері қазақтың публицистикалық дискурсында кеңінен талқыланатын, концептілік құрылымы айқын, концептілік өрісі бар, танымдық мәні мен прагматикалық қуаты жоғары ұғымдар ретінде зерттелді.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалықтары: біріншіден, публицистикалық дискурс семиотикалық тұрғыдан қарастырылған, үш деңгейде анықталған:

1. тілдік әлеует (нақты дереккөзден алынған ақпарат, білім);

2. автордың коммуникативті діттемі;

3. ықпал ету, сендіру тәсілдеріне сәйкес қолданылған тілдік бірлік.

Екіншіден, алғаш рет Б.Қайратұлы, Н.Жүсіп, Б.Омаров сынды журналистердің жеке және жиынтық тілдік тұлға әлемі публицистикалық дискурс аясында лингвистикалық аспектіде зерттеле отырып, түрткіжайттар (факторлар) анықталды, әрқайсысының идиостиліндегі ерекшеліктер таныстырылды.

Үшіншіден, журналистің таным деңгейі, аялық білімі, дискурсында тілдік құралдарды пайдалана білу деңгейі деп аталатын үш қағидатты ұсынған.

Төртіншіден, публицистикалық дискурстарын талдау барысында тілдік тұлғалардың концептосферасын танудың үлгілері берілді. Соның негізінде публицистикалық концептілер қаламгердің ұстанымы, коммуникативті діттемі, мәтіндегі ойдың берілуі, дәйектердің жеткізілуі аясында анықтаудың тәсілін ұсынады.

Бесіншіден, тілдік тұлғаның өзіндік дүниетанындағы ғаламның тілдік бейнесі белгілі бір тарихи кезеңде тілдік құралдар арқылы көрініс тапқан концептілер жүйесінен тұратынын, ал жиынтық тілдік тұлға – тарихи түрғыда қалыптасқан, синхронды түрде көрініс тапқан, жалпы немесе типологиялық ұқсас (инварианттың вариациялары), негізгі және жиі қолданылатын дискурс ретінде таныстырылады.

Алтыншыдан, барлық публицист үшін ортақ ұстаным жіктемелерін көрсетеді. Сондай-ақ Б.Қайратұлы, Н.Жүсіп, Б.Омаровтардың жеке тұлғалық ұстанымдарын дәйектеп береді.

Жетіншіден, қазіргі публицистикалық дискурстағы нормаланбаған заңдылықтардың пайда болу салдарын түсіндіреді. Мысалы, белгілі бір атауларды қайтала мау және стандарттан қашу үшін жасалған бағалауыш мәнді сөздердің көбеюі, сөзойнату мақсатындағы негативті теңеулердің күшеюі оқырманның тілдік санасындағы білім деңгейіне қарай қабылдаудың жеңіл болу мақсатынан туындағанын дәлелдейді.

Жұмыстың осындай жетістіктерінің арқасында зерттеуші төмендегідей ғылыми тұжырым жасаған: тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурсы мына жағдайда қалыптасады:

1) қоғамды толғандырған өзекті мәселені дөп басып таба білсе (ол мақаланың тақырыппаттарынан да анық байқалып тұрады);

2) белгілі бір мәселеге қатысты оқырманға ой салып, зерделеуіне түрткі бола білсе (оны сұрақтарды қолдануынан да көруге болады);

3) тілдік тұлға публицистикалық дискурстарында ойна тұздық болатын дәйектерді келтіру арқылы өз ойын нықтап, дәлелдеуге тырысса немесе қарсы пікірлерді келтіре отырып, өз ойын дәйектеуге, оқырманның көзін жеткізуге талпынса;

4) тілдік тұлғаның ой тұжырымдарынан жағдаятқа қатысты ұстанымы, субъективті бағасы көрінсе.

Бұнымен қоса диссертациялық жұмыста ізденушінің мына жаңалығының шынайылық дәрежесі жоғары деп атауға болады: «Публицистикалық

концептіні зерттеуде 1) нақты дәйектер; 2) дәйек арқылы негізделген ғалам бейнесінің үзіктерінің концептуалдануы; 3)пресуппозиция (логикалық, экзистенциалдық, лингвистикалық); 4)концептідегі тілдік білім; 5)тілдік құралдар; 6)жазарманның мақсатына сәйкес тілдік құралдарды дұрыс пайдалана білу қабілеті ескеріледі».

Корыта келгенде, публицистикалық тілдік тұлға болудың заңдылықтарын анықтаумен қоса, антропоөзектік жүйеде публицистикалық концептілердің болатынын және белгілері мен құрылымын түсіндіріп берген аталмыш диссертацияның лингвистика ғылымына қосар үлесі жоғары деп есептейміз.

Ізденуші Ерсултана Гаухардың «Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға (қазіргі қазақ баспасөз материалдары негізінде)» атты диссертациясындағы ғылыми ой-түжірымдар маңызды саналады әрі отандық лингвокогнитивтік, лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің дамуына белгілі бір деңгейде үлес қосады. Зерттеуді ғылыми пәндік аппараты бір ізге түсірілген, ішкі логикалық тұтастыққа ие, толық аяқталған жұмыс деуге болады.

Осы аталғандарды ескере отырып, Ерсултанова Гаухардың «Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға (қазіргі қазақ баспасөз материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық еңбегін «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесші:

Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, филология ғылымдарының докторы



РАСТАЙЛИН:	Абай атындағы ҚазУГУ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛМІНІҢ ЕАСТЫРЫ	
БАВЕРДЮ:	НАЧАЛ-ШИК ОТДЕЛЫ ПО УПРАВЛЕНИЮ Есенова
Кастит имени Асан	
Есендік - подпись	

ДЛЯ ЧИКА ОТДЕЛА ПО
ИЗУЧЕНИЮ КОМПЛЕКСА
Есенова К.Ө.